

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі» ММ №194 30.07.2024 жылғы бұйрығы негізінде. «Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Білім **беру** ұйымдарында "Біртұтас тәрбие" тәрбие бағдарламасын **іске** асыру жөніндегі жұмыс жоспары

- Бағдарламаның Мақсаты:
рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.
Бағдарламаның Міндеттері:
- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
 - Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
 - адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
 - табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
 - өз еліне деген мақтаныш сезімін және оның жетістіктерін тәрбиелеу;
 - отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
 - өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындықты дамыту;
 - білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту.
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
 - мінез-құлық пен басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікке тәрбиелеу;
 - өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;
 - еңбекқорлық пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;
 - басқа біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім **алушының** жеке **басының** үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
 - әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету.
 - білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру.
 - дарынды балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау;
 - отбасын тәрбие процесіне тарту.

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Республика Үкіметінің Қаулысы Қазақстан 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249
3. Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
4. Жоғары оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарындағы "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері"
5. Қарағанды облысында балаларды зорлық – зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі жол картасы

Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында жыл бойы мектеп сайтында, әлеуметтік желілерінде оқу-тәрбие процесінің жоспары орналастырылады. Педагогикалық кеңестерде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мәселесі қарастырылды. Кестеге сай сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін әдістемелік материалдарды әзірлеу білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз етеді. "Өнегелі өмір" жобасын іске асыру (болашақ мамандықты таңдау үшін жастардың өмірдің түрлі салаларындағы табысты адамдармен кездесуі үшін коммуникативтік алаң құру). Бағдарламаны іске асыру процесінің директоры жанындағы кеңесте қаралды. Облыстың білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруға және оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге бағытталған жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Эко-сыныптарды ашу-білім алушылардың экологиялық мәдениетін дамыту және қоршаған ортаны жақсартуға, табиғатты ұтымды пайдалануға және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жоспарға сай атқарылып отыр.

Іске асыру тетіктері:

* білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа бағдарланған тәрбиені жоспарлаудың тұтас тәсілін енгізу;

- * оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұнын зерттейтін, құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне интеграциялаудың неғұрлым тиімді тәсілдерін талқылайтын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
- * ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
- * басқа білім беру ұйымдарының педагогтерімен, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ✓ тәуелсіздік және отаншылдық
- ✓ бірлік және ынтымақ
- ✓ әділдік және жауапкершілік
- ✓ заң және тәртіп
- ✓ еңбекқорлық және кәсіби біліктілік жасампаздық және жаңашылдық .

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспарына сай сыныптан тыс іс-шаралар: «Мектепке жол» акциясы, «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспарын жасау (буллитнг), ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау ортадығы, «Жас Ұлан, Жас Қыран» ұйымының, «Өзін-өзі басқару ұйымы», ата-аналар комитетінің жұмысы, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, «Адал ұрпақ», Діни экстремизім, Діни экстремизім, құқықтық кеңес, қамқоршылық кеңес, ҚР рәміздерін насихаттау, қыздар мен ұлдар кеңесінің жұмысы, Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыстарының жоспары құрылып, жұмыс жүргізілуде.

Оқу жылының басында ата-ана, мұғалімдер, оқушылар арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талқыланып, жоспарланды. Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды. «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы:

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара ұйымдастырылып, мектепшілік білім алушыларға арналаған саптық жиында «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің онкүндігі ашылып, жоспары таныстырылды. «Тілім менің ғасырларға аманат» атты тәрбие сағаттары өтті. Қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Жаныма жақын бір кітап» тақырыбы аясында библиофреш ұйымдастырылды. «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі өткізілді. Қыз балалармен мектепшілік қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қыздар арасында қарым-қатынас, буллинг, кибербуллинг, мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасын сақтау, кешкі бос жүріс, сабақтан кешігу, ұялы телефонды қолдану мәдениеті, қыз балалардың гигиенасы туралы мәскелер қозғалып, құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершілік туралы кеңестер беріліп, алдын алу, түсіндірме жұмыстары жүгізілді. Мектепшілік саптық жиында «Жол қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша жол ережелерін сақтау, велосипед, мопед, самокатпен жүру тәртібі бойынша кеңестер берілді. "Ұстаздар күні" мерекесіне орай мектептің өзін-өзі басқару тобының "Дублер" күніне арналған іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: балалар мен мұғалімдердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтік-құзыретті тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Өзін-өзі басқару тобының мүшелері ұстаздарды құттықтап, мерекелік кеш ұйымдастырды.

«Әлеуметтік желі дерт пе, әлде қажет пе?» дебат, пікір-талас ойыны ұйымдастырылып, өткізілді. Қатысушы топтар пікір-талас, өзара сұрақ алмасу, көрермендердің сұрақтары және спикерлердің қортындысынан тұрған ойын кезеңдерінде интернет желісінің пайдасы мен зиянына дәлел болатын пікірлер айтып, сөйлеу мәдениеттерін, шыдамдылықтарын, сөз тыңдай білу, сыйластық қарым-қатынас жасай білу ережелерін сақтады. Ойын өте қызықты өтті. Сарапшылар тарапынан ойын соңында тақырыпқа қорытынды жасалып, топтардың өзара пікір-таластарына бағалау жасалынды. Интернеттен болатын қауіптердің алдын алу мақсатында өткізілген іс-шара балаларға ой салып, салауатты өмір салтын бірінші орынға қою маңызды екенін дәлелдеді.

Өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өтті. Сайлауға екі үміткер түсті. Сайлау Қазақстан республикасының әнұранымен ашылды. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған 9 "А" сынып оқушысы Амантай Кәусар өзін-өзі басқару ұйымының президенті болып тағайындалды.

«Жас Ұлан» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына білім алушыларды қабылдауға арналған салтанатты жиыны өтті. Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезім, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруды мақсат еткен ұйым қатарына

мектебімізден 5-сыныптың 103 білім алушысы қабылданды. Қабылданған оқушылар «Жас Ұлан» қатарына өтудің жауапкершіліктің мол екенін сезіне білді. 25-қазан Республика күні қарсаңында, білім алушылардың өз Отанын сүйуге, өз елін, жерін, тарихын қастерлеу мақсатында салтанатты саптық жиын өтті.

2024-2025 жылдарында өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың сандық көрсеткіші

Тәрбие жұмыстарының бағыттары	2024 -2025(I тоқсан)		
	формасы	Іс-шаралар саны	Қамтылған сыныптар
Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.	Сынып сағаттары	4	1-11
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	Жобалар		
	байқаулар		
	флешмоб		
Рухани-адамгершілік тәрбие	Сынып сағаттар	4	2-11
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	жобалар		
	челлендж		
Ұлттық тәрбие	Сынып сағаттары	2	1-11
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	байқаулар		
	флешмоб	1	9-11
Отбасылық тәрбие	Сынып сағаттары	2	1-11
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	жиналыс		
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Сынып сағаттары	4	1 - 11
	Тәрбиелік іс-шаралар	4	1-11
	челлендж		
	байқаулар		
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Сынып сағаттары		
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	көрме		
	жоба		
	байқаулар		
Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу	Сынып сағаттары	2	8-11
	Тәрбиелік іс-шаралар		
	байқаулар		
	челлендж		

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Сынып сағаттары	3	7-11
	Спорттық сайыстар		
	Денсаулық күні		
	челлендж		
	флешмоб		

2024-2025		
Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны
866	26	444

2024-2025 оқу жылы

Үйірменің атауы	Бағыты	1-4	5-7	8-11
Тіл дамыту	шығармашылық	18		
Жас зерттеуші	шығармашылық	15		
Зейінді дамыту жаттығулары	шығармашылық	25		
Шахмат математикасы	математикалық	25		
Шешендік өнер	шығармашылық	10		
Көркем жазу	Көркем-эстетикалық	8		
Оқырман оқушысы	шығармашылық	10		
Қызықты грамматика	шығармашылық	18		
Әдебиет әлемі	шығармашылық	18		
Funny English	шығармашылық	12		
Жас информатик	Зерттеушілік		10	
Дебат	шығармашылық			26
Гүл ғажайып әлем	Зерттеушілік		20	
От фонетика до синтаксиса	шығармашылық			12
В стране Морфологии	шығармашылық			15
Атамекен	шығармашылық			11
Физикадан күрделі	Зерттеушілік			13

есептер шығару				
Жалпы химия негіздері	Зерттеушілік			13
Жас сарбаз	Спорттық			12
Волейбол	Спорттық		11	11
Баскетбол	Спорттық		20	
Тоғызқұмалақ	Спорттық		24	
Үстел тенісі	Спорттық	22		
Жас баскетболшылар	Спорттық			25
Шағын футбол	Спорттық		15	15
Баскетбол (ұлдар)	Спорттық			20
Барлығы	26	181	90	173

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланып отыр. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға 40567 теңге қаржылай қолдау көрсетілді. Жалпыға бірдей білім беру қорынан әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 356+23 (АӘК) оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – жоқ. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Мектеп бойынша қамқорлықтағы білім алушы саны жыл соңына дейін-5 білім алушыны құрап отыр. Мектеп тарапынан оқу жылы басында 1 реттік әлеуметтік пакет алды және де аталған 5 білім алушы 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Қамқоршылықтағы Бидай Мерей «Асар» қайырымдылық қоры есебінен қыстық куртка, қыстық етік, бас киім, қолғап, спорттық киім және т.б. қамтамасыз етілді. Бидаева Айзада,

Панченко Сұлтан, Нурпейсова Айша осы қор есебінен тізімге жазылған, бірақ денсаулық жағдайына байланысты өздері қатыса алмады. Сондықтан аталған 3 білім алушыға алдағы уақытта көмек көрсетіледі Қамқоршылықтағы 4 «В» сынып білім алушы Бидай Мерейге облыс әкім шыршасына бару жолдамасына ие болды. Облыс әкім шыршасында сыйлыққа ұялы телефон берілді.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған. Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес 2024-2025 оқу жылына сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектеп бойынша көп балалы отбасы саны-210, ондағы бала саны-335, толық отбасы саны-574, ондағы бала саны-624, аз қамтылған отбасы саны-29, ондағы бала саны-53, толық емес отбасы саны-115, ондағы бала саны-121, мүгедек ата-ана саны-12, қамқоршылықтағы білім алушы саны-4, мүмкіндігі шектеулі білім алушы-6, үйде оқытылатын білім алушы-4, ерекше білімді қажет ететін білім алушылар-31, ПБ қолайсыз отбасы есебінде тұрған отбасы-5, ондағы бала саны-11, мектепшілік бақылауда білім алушы тіркелген жоқ.

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – 4. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды бойынша жұмыстар атқарылды. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді. Нурпейсова Айша «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында демеуші тарапынан мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтылды. Бұл акция әр оқу жылы қарсаңында тек екі ай ғана емес, жыл бойы іске асады.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан қазіргі уақытта қамқорлықтағы 4 білім алушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға 2024-2025 оқу жылында 343 + 37 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптан 343 білім алушы және әлеуметтік қорғалмаған -37 білім алушы. Ол 43,8 % көрсеткішті құрайды. «Bilimal» модульдік платформасында «Тамақтану» бөлімінде күнделікті ас мәзірі толтырылып, веб білім ал бойынша күнделікті белгіленіп отырады.

***Мектеп бойынша білім алушылардың әлеуметтік жағдайының
3 жылдық көрсеткіші***



Әлеуметтік мәртебесі	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Әкесі тәрбиесінде	Ана тәрбиесінде	Көпбалалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Қамқоршылықтағы балалар (патронажтық тәрб)	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2022-2023	536	99	6	106	179	28	4	2
2023-2024	552	113	13	148	203	28	5	4
2024-2025	574	115	13	162	210	29	4	6

Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмысы бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп оқушыларының, ата-аналарының чаттарында балалардың құқығын қорғау бойынша жадынамалар мен материалдар жарияланады. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылған. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес беріліп отырады. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған оқушылар кездескен жоқ.

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ІБ есебінде тұрғандар – 0

Жалпы оқу қорынан материалдық және ыстық тамақ түрінде көмек көрсету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға,

төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» сәйкес "Мектепке жол" республикалық дәстүрлі қайырымдылық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында ұйымдастырылды. Мектебімізде акция мақсатына сәйкес «Қамқор» кеңесі құрамы құрылып, іс-шаралар жоспары жасалына отырып хабарландырулар жарияланды. Қамқорлық акциясына мектеп мұғалімдері, жеке тұлғалар демеушілік танытып ат салысты. Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Ағымдағы жылы қайырымдылық акциясына ерекше көңіл бөлініп, «Жақсылықты жаса» ұранымен өткізілді. Әрине, бұл көмек жеткіліксіз. Себебі көмекке мұқтаж ата-аналар баршылық. Бұл акция әр оқу жылы қарсаңында тек екі ай ғана емес, жыл бойы іске асады.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша көмекпен қамтылған білімалушылар 3 жылдық мониторингісі

Оқу жылы	Оқушы саны	Материалдық көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар
2022-2023	160 білім алушы	25 білім алушы (159 000 мың)	135 білім алушы (37 780 мың бір білім алушыға шаққанда)
2023-2024	114 білім алушы	5 білім алушы (150 000 мың)	109 білім алушы (40.567 мың бір білім алушыға шаққанда)
2024-2025 (01.11.2024) жағдай бойынша	164 білім алушы	8 білім алушы (289.000 мың)	156 білім алушы (43.407 мың бір білім алушыға шаққанда)

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагермен қамту бойынша мәселелер қаралды.

2024-2025 (I тоқсан) оқу жылында жазғы демалыс лагеріне әлеуметтік аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасы балалары қорғаншылық пен қамқорлықтағы яғни әлеуметтік статуска ие балалар тізімі жасалып, мектебімізден 160 бала қамтылды. Кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен 45 бала лагерге тартылды. Барлығы 205 бала демалды. Қала сыртындағы лагерге 44 бала барып қайтты.

2-жылғы демалыс лагеріне тартылған білімалушылар мониторингісі

Оқу жылы	Әлеуметтік	Кәсіподақ	Қала	Барлығы
----------	------------	-----------	------	---------


	қорғалмаған білімалушылар	ұйымының қолдауымен ұйымдастыры лған	сыртындағы лагерь	
2022-2023	80	37	25	
2023-2024	80		12	92
2024-2025 I тоқсан			7	7

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жұмыстары қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158, 1тармақ, 10 қосымша , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрықтары негізінде « Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізіне сәйкес мектебімізде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында 343 + 37 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптан 343 білім алушы және әлеуметтік қорғалмаған -37 білім алушы. Ол 43,8 % көрсеткішті құрайды. «Bilimal» модульдік платформасында «Тамақтану» бөлімінде күнделікті ас мәзірі толтырылып, веб білім ал бойынша күнделікті белгіленіп отырады.

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін білім алушылардың
3 жылдық көрсеткіші

Оқу жылы	Тегін тамақпен қамтылған бала саны	1-4 сынып	Әлеуметтік қорғалмаған	%
2022-2023	345	323	22	42
2023-2024	379	356	23	44,3
2024-2025 (01.11.2024жағдай бойынша)	380	343	37	43,8



Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объекті- асхана жұмыс жасайды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін: Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық сауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпусында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісі бар.144 орындық асхана бар, ол қажетті жихазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілген, бұл 11 қосымша және ҰБДБ базасының мәліметімен расталған.Тамақтандыру объектісінің санитарлық эпидемиологиялық сәйкестігі туралы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның №16-3-12/2475 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы 28.10.2015 ж берілген.ЖК М.Б.Саттибаева.